



IQAA

**БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ
БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ - IQAA**

ОҚУ ОРНЫН СЫРТҚЫ АУДИТТЕУ БОЙЫНША ЕСЕП

(І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті КЕ АҚ)

**ҮШІНШІ ЦИКЛ БОЙЫНША АККРЕДИТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(ДОКТОРАНТУРА)**

«8D01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы

Нұр-Сұлтан, 2022



ЭКСПЕРТНАЯ ГРУППА

**Ильясова Нағима Әбзелбекқызы****Руководитель группы**

доктор филологических наук, доцент, кафедры казахского языка и литературы им. С. Кирабаева, КазНПУ имени Абая

**Логинов Александр Викторович****Международный академический эксперт**

доктор филологических наук, профессор кафедры Русского языка Московского педагогического государственного университета

**Калиев Бектурсын Аманкулович****Национальный академический эксперт**

кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, КарУ им. Е.А.Букетова

**Бейсенова Жайнагуль Сабитовна****Национальный академический эксперт**

доктор филологических наук, профессор кафедры Русского языка, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

**Розакова Инкар Мадияровна****эксперт, представитель работодателей**

зам. директора по учебно-методической работе, Средняя школа лицей №5 имени М. Ломоносова, г. Талдыкорган

**Жапарова Аида Бубархановна****эксперт, представитель студенчества**

доктарант 2 курса, по специальности «Қазақ тілі мен әдебиеті», КазНПУ имени Абая

КОординатор IQAA

Агибаева Сауле Жоламановна

старший координатор отдела аккредитации вузов и НИИ

Уровень соответствия отчета по самооценке образовательной
программы «8D01701 Казахский язык и литература»
в Жетысуском университете имени И. Жансугурова

Стандарты	Отметьте уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел в вузе для каждого стандарта			
	Полное соответствие	Значительное соответствие	Частичное соответствие	Несоответствие
<i>Стандарт 1</i> Политика в области обеспечения качества и академическая честность	+			
<i>Стандарт 2</i> Содержание образовательной программы		+		
<i>Стандарт 3</i> Качество профессорско-преподавательского состава	+			
<i>Стандарт 4</i> Качество исследовательской работы		+		
<i>Стандарт 5</i> Эффективность системы поддержки докторантов	+			
<i>Стандарт 6</i> Ресурсы	+			
<i>Стандарт 7</i> Эффективность результатов обучения по программе и информирование общественности	+			

СОДЕРЖАНИЕ

ГЛАВА 1 КОНТЕКСТ И ЦЕЛИ ВИЗИТА

Введение.....	
Основные характеристики вуза.....	

ГЛАВА 2 ОТЧЕТ О ВНЕШНЕМ АУДИТЕ ЭКСПЕРТНОЙ ГРУППЫ

Соответствие стандартам программной аккредитации

Введение.....	
<i>Стандарт 1</i>	
Политика в области обеспечения качества и академическая честность	
<i>Стандарт 2</i>	
Содержание образовательной программы	
<i>Стандарт 3</i>	
Качество профессорско-преподавательского состава	
<i>Стандарт 4</i>	
Качество исследовательской работы	
<i>Стандарт 5</i>	
Эффективность системы поддержки докторантов	
<i>Стандарт 6</i>	
Ресурсы	
<i>Стандарт 7</i>	
Эффективность результатов обучения по программе и информирование общественности	

ГЛАВА 3

ЗАКЛЮЧЕНИЕ	
-------------------------	--

ПРИЛОЖЕНИЯ

<i>Приложение 1</i>	
Программа внешнего визита.....	
<i>Приложение 2</i>	
Список всех участников интервью.....	
<i>Приложение 3</i>	
Список документов, рассмотренных дополнительно в вузе.....	

БӨЛІМ/ГЛАВА 1**КОНТЕКСТ ЖӘНЕ САПАР МАҚСАТЫ****КОНТЕКСТ И ЦЕЛИ ВИЗИТА*****Кіріспе (Введение)***

Сыртқы аудит процесі білім бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясатын көздейді. Білім бағдарламалары Зальцбург және ESC принциптері бойынша халықаралық және Қазақстан Республикасының талаптарына сай жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Білім берудегі академиялық адалдық талаптарының орындалу барысы, білім беру мен бағалаудағы адалдықтың докторанттарға ықпалы, басқа адамның интеллектуалдық еңбегін құрметтеуі, плагиатқа жол берілмеуі мен академиялық тәртіп мәселесін қарастырды.

Докторантура бойынша білім бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясаты ЖОО-ның білім сапасын анықтайтын, оқу процесіне қатысушылардың және барлық қызғушылық танытқан тұлғалардың назарын аударатын арнайы статуска ие болғандықтан ЖОО-ға докторанттарды қабылдау мен оларды жұмыспен қамтамасыз етуге ықпал ететін ғылыми жарияланымдар, ғылыми-педагогикалық тәжірибе, бағалау әдістерін қолдану, шетел тілін білу деңгейі сараланды.

Докторантураға арналған білім бағдарламасындағы білім беру саласының базалық негізін құрайтын методологиялық, ғылыми-зерттеу бағыттағы тереңдетілген пәндерді оқыту мен ғылыми тақырыптарға талдау жасалды. Кәсіби құзыреттіліктер мен оқыту нәтижелерін айқындайтын көрсеткіштер сараланады.

Білім бағдарламасы мазмұнындағы пәнаралық байланыстар, докторанттарға бағдарланған білім, нақты мақсат пен оқыту нәтижелерінің сапасы қарастырылды. Теориялық білім беруде ғылыми методологиялық зерттеулерге басымдықтың берілуі, докторлық диссертация тақырыбымен сәйкес келуі және аудиториялық сағаттың ҚРБҒМ-нің талаптарына сай келуі тексерілді.

Профессор-оқытушылар құрамы мен докторлық тақырыптардың білім бағдарламасының бағытына сай келуі, бір жетекшіге бөлінген докторанттың БҒМ талабы бойынша жүктемеде бөлінуі мен квалификациялық сәйкестігі, оқытудағы педагогикалық әдістер мен инновациялық технологиялардың қолданылуы, ғылыми кеңесшіге жағдайдың жасалуы қарастырылды.

Зальцбург принципіне сай кәсіби біліктілігі жоғары шетелдік мамандардың шақырылуы алдыңғы қатарлы ғылыми мекемелер мен оқу орталықтары мамандарының ғылыми кеңесшілікке шақырылуы қарастырылды. Докторлық диссертацияны қорғау алдындағы талқылау, ғылыми семинарлардың ұйымдастырылуы сараланды.

Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының ҚР БҒМ-нің жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкестігі қарастырылды. Атап айтқанда, жоғары оқу орнын бітіргеннен кейінгі білімімен сәйкестігі, тақырыптың

өзектілігі мен ғылыми жаңалығы, ғылыми-зерттеу жұмысы, педагогикалық практикасы, эксперименталды бөлімі, ғылыми жарияланымдары, зерттеушілік әлеуетін көтеретін мекемелерден практикадан, тәжірибеден өтуі, докторлық жұмыстың орындалуы барысында жыл сайынғы аттестациялануы, антиплагиаттан өтуі, докторанттың халықаралық және отандық ғылыми ортада дискуссияға қатысуына назар аударылды.

Докторанттардың академиялық ұтқырлық бойынша отандық және шетелдік тәжірибеден өтуі, докторанттарға қолдау көрсету жағдайы, эксперименталды зерттеу жұмысына арналған материалдық-техникалық база, олардың қолжетімділігі, оқу бағдарламасындағы оқыту нәтижелері мен күзіреттіліктердің қазіргі заманның сұранысына сәйкестігі докторанттардың сәтті қорғау нәтижесі қарастырылды. І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ұжымы сыртқы аудиттен өтуге дайындығы жақсы екенін дәлелдеді.

Университеттің негізгі сипаттамасы (Основные характеристики вуза)

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті 1972 жылы ашылған. 50 жылдық тарихы бар классикалық университет. Лицензия № KZ36LAA00018662. Университет ректоры – Баймырзаев Қуат Маратұлы, география ғылымдарының докторы, профессор.

Университетте бакалавриат бойынша – 53, магистратура бойынша – 54, докторантура бойынша – 10 бағдарлама жүзеге асырылған. Мамандар дайындауда үздіксіз білім беру жүйесі жолға қойылған. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, дене тәрбиесі және спорт, бастауыш білім педагогикасы мен әдістемесі, орта мектептерде тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі, құқықтану, туризм, ақпараттық желі және техникалық есептеу, сақтандыру ісі және банк, программалау, аударма ісі, графикалық және мультимедиалық дизайн, интерьер дизайн бағыты бойынша колледжден бастап мамандар даярлайды. Университетте 6 жоғары мектеп бар: жаратылыстану жоғары мектебі, техникалық ғылымдар жоғары мектебі, құқық және экономика жоғары мектебі, гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі. Педагогика және психология жоғары мектебі, денешынықтыру және өнер жоғары мектебі.

22 ғылым докторы, 20 PhD доктор, 102 ғылым кандидаты, 323 оқытушы, 5216 білімалушыны маман ретінде дайындайды. Университеттің материалдық-техникалық базасына 36 оқу зертханасы, 34 компьютерлік класс және атаулы кабинеттер кіреді. Шетелдік серіктестікте 60, мемлекеттік грантта 1300-ден аса білімалушы бар. Бітіруші түлектер 1998. Кітапхана қоры 551 739.

Университеттің ғылыми-зерттеу бағыты Стартап жобаны жүзеге асыратын академияның жұмысынан бастап, арнайы зерттеу орталықтары, оқу зертханалары, биотехнологиялық зерттеу жүргізетін ғылыми-зерттеу



институттарының жұмысынан көрінеді. Жас ғалымдар Кеңесі, ғылым және коммерциализациялау бөлімі, Ілиястану ғылыми-зерттеу орталығы, диссертациялық кеңес бар.

Местонахождение юридического лица:

Республика Казахстан,
040009, г. Талдыкорган,
ул. И.Жансугурова, 187а,
Тел: +(7282) 22-00-17
Web-сайт: www.zhetysu.edu.kz



КІРІСПЕ (ВВЕДЕНИЕ)

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есептері келесі нормативті-құқықтық құжаттардың негізінде жазылған: Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. № 319 бұйрығымен бекітілген «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 ж. 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың «2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» (ҚР Үкіметінің 27.12.2019 ж. № 988 қаулысы), «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604/6 бұйрығы, «ЖОО-да докторлық диссертацияны дайындау тәртібі туралы Ережесі».

Қоғамдық жаһандану мен бәсекелестіктің күшеюіне байланысты қазіргі күнде табысқа жетудің басты өлшемдерінің бірі ЖОО арасындағы рейтинг пен аккредитациядан өту болып табылады.

8D01701– «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы 2020 жылдың 24 тамызында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті берген D017 – Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтарын даярлау бағыты бойынша №KZ36LAA00018662 лицензияға қосымшасы негізінде, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Бұйрық №604. ҚР БҒМ 2018 ж. 31 қазан) сәйкес жүзеге асырылған.

8D01701– «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы ғылыми педагогикалық бағыттағы докторанттарды даярлау 2012 жылдан бастап ҚР жБЖҒМ 14.11.2012 ж. (№12019073 бұйрығы) мемлекеттік лицензиялары, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және университеттің жалпыадамзаттық құқықтар негізінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы қажеттерін қанағаттандыратын бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау миссиясы негізінде жүзеге асырылуда.

8D01701– «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша ғылыми педагогикалық даярлық - 3 жыл.

Бағдарлама мақсаттарының тиімділігін тәжірибе базалары, жұмыспен қамтамасыз ететін аймақтық ұйымдармен өзара келісім негізінде енгізілген элективті пәндер қатары және түлектердің қорытынды бағалары дәлелдейді.

Білім беру бағдарламасын одан әрі дамыту және жұмыс берушілердің негізгі талаптарын орындау мақсатында білім беруді іске асыруды жоспарлау және оны жүзеге асыруға қажетті ресурстарды бөлу ЖУ-дың Стратегиялық даму жоспарына сәйкес орындалған.

ЖОО басшыларымен, Гуманитарлық жоғары ғылымдар мектебінің деканымен, Білім беру бағдарламасы жетекшісімен, профессор-оқытушы құрамымен, докторанттармен, түлектермен және жұмыс берушілермен сұхбат жүргізілді. Сұхбат нәтижесінде жалпы 8D01701– «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының жүзеге асырылуына қанағаттану деңгейі байқалды.

Аккредитация жүргізілу барысында оқу корпустары, Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бөлімі, Тіркеу офисі, Білімгерлерге қызмет көрсету орталығы, Ғ.Орманов атындағы кітапхана, Мансап және жұмысқа орналастыру орталығы, Ғылым және ғылыми жобаларды коммерцияландыру бөлімі, Халықаралық ынтымақтастық және стратегиялық даму орталығының жұмыстарымен таныстырылды.

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын 1 ғылым докторы, 4 ғылым кандидаты жүзеге асырады. ПОҚ-тың ғылыми әлеуеті - 100% құрайды.

Қазіргі уақытта 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасындағы докторанттар саны - 5 (1 курста - 3; 3 курста - 2). Соңғы 5 жыл аралығында 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын бітірген түлектер саны – 6 (2017-2020 жж. – 2 докторант; 2018-2021 жж. – 4 докторант); түлектердің жұмыспен қамтылуы 100% құрайды.

СООТВЕТСТВИЕ СТАНДАРТАМ ПРОГРАММНОЙ АККРЕДИТАЦИИ**Стандарт 1. Сапаны қамтамасыз ету саясаты және академиялық адалдық/
Политика в области обеспечения качества и академическая честность**

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Сапаны қамтамасыз ету саясаты 2021-2025 жылдарға арналып әзірленген. Университеттің басқару аппараты ішкі сапаны қамтамасыз етудің жүйесін ұйымдастырып, оны жүзеге асыруға қажетті рестурстармен қамтамасыз еткен. Сапаны қамтамасыз ету саясаты университет миссиясына сәйкес келеді. Университетте сапамен қамтамасыздандыру саясаты жоспарлы түрде іске асырылатындығы Басқарма төрағасы-ректор, Басқарма мүшесі-проректорлармен жүргізілген сұхбаттарда көрініс тапты.

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторын (PhD) дайындауға арналған білім бағдарламасы Еуропалық жоғары білім кеңістігінің 10 принципіне сай әзірленген. Оған университеттің сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі бойынша дайындаған нұсқаулығы және ЖУ Білім беру бағдарламасын даярлау Ережесі (ІНҚ ZU - 38-01) негіз болған. Ішкі сапаны қамтамасыз ету бойынша басшылыққа алынатын білім бағдарламасының сапасын қамтамасыз етуге арқау болады. Білім бағдарламасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен университеттің жалпыадамзаттық құндылықтарды басшылыққа алып, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу миссиясын жүзеге асыруға бағытталған. Сапаны қамтамасыз ету докторанттарды оқуға қабылдау тәртібінен бастап, оқуға түскеннен кейінгі пәндерге тіркелу процедурасы, бағалау критерийлері, оқудан шығару тәртібі, емтихандарды қайта тапсыру ережесінен басталып, білімалушыларға қызмет көрсету орталығы, халықаралық байланыс, кітапхана қоры, мүмкіндігі шектеулі білімалушыларға қызмет көрсету орталықтарының жұмысынан айқын көрініс табады. Оған университет базасымен, жұмыстың ұйымдастырылу жүйесімен танысу барысында анық көз жеткізілді. 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша сапаны қамтамасыз етудің көрсеткіштеріне бітіруші түлектердің жұмыспен қамтамасыз етілуі негіз бола алады. Білім беру бағдарламасы түлектерінің 86 пайызы аталған университетке жұмысқа орналасып, еліміздің региондарындағы ғылымды дамытуға елеулі үлес қосқан. Жұмыспен қамту 100 пайызды құрайды. 3 докторант докторлық диссертацияларын сәтті қорғап, білім беру саласында қызмет етеді. Садуақасова С.А.- ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ақтөбе облысы бойынша филиал директоры; Абызова А.М. – І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма төрағасы-Ректордың кеңесшісі; Чукенаева Г.Т. – аталмыш университеттің PhD докторы, оқытушы-лектор қызметін атқаруда.

2017-2021 жылдар аралығында докторантураға қабылданған білім алушылардың шет тілін меңгеру дәрежесі жоғары көрсеткішке ие. Білім бағдарламасына IELTS, TOEFL IBT сертификатына ие 5 докторанттың қабылдануы сапаны қамтамасыз етудің бір жолы. Докторанттардың құқықтары мен міндеттері ашық және айқын көрсетілген. Кредиттік технологияның талаптарына сай жеке білім, білім траекториясын өз бетінше жоспарлау, кредитке негізделген білім көлемін анықтауға докторанттарға еркіндік берілген. Білім бағдарламасында пәндер каталогының көрсетілуі, әрбір таңдау компоненттерінің қысқаша мазмұнының сипатталуы, күтілетін нәтиженің берілуі докторанттардың пәнге тіркелуіне, кәсіби мамандануына мол мүмкіндік береді.

Университетте докторанттардың оқу үлгерімін, ДҒЗЖ сапасын, іс-тәжірибеден өту қорытындыларын анықтау үшін Тіркеу офисі тарапынан жүйелі түрде мониторинг жүргізу арқылы сапаны қадағалау процесі жүзеге асырылады.

Білім беру бағдарламасы бойынша сапаны қамтамасыз ететін арнайы нормативті құжаттар дайындалған. Оқу нәтижелерін бағалау жүйесі «Академиялық саясаттың» 10 бөлімінде көрсетілген (ІНҚ ZU -10-01). Оқу-әдістемелік жұмыс Ережесі (ІНҚ ZU -09-04) бойынша силлабус дайындау, ДӨЖ (докторанттың өздік жұмысы) бойынша әдістемелік ұсыныстар жүйесінің көрсетілуі, оқытушы-профессорлар құрамына бағалау критерийлерін әзірлеу бойынша арнайы семинарлардың ұйымдастырылуы сапаны қамтамасыз етудің көрсеткіштері.

Білім беру бағдарламасының негізінде орындалған ғылыми жұмыстарды антиплагиаттан өткізуге университет дайындаған арнайы «Антиплагиат ЖОО» бағдарламасының жұмыс жасауы, «Көшіру әрекетінің бар болуын тексеруді жүргізу туралы ереженің» дайындалуы(ІНҚ ZU -09-10) сапаны қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар. Сапа мониторингісінің ұйымдастырылуы, білім беру бағдарламаларына мониторинг жариялануы барысында Білім беру бағдарламаларының ресурстарын анықтау жолға қойылған. Кадрмен қамтамасыз етілуі, Білім беру бағдарламасының контингентін ақтауы, түлектердің жұмысқа орналасу нәтижесі, жұмыс берушілер мен түлектерді білім беру бағдарламасына қатысты ұсыныстар беріп, талқылауға тартылуы сапаны қамтамасыз етуге жол ашады.

Университеттің «Академиялық адалдық» саясатында білім процесіндегі университет пен колледждің құқықтары мен міндеттері, ПОҚ құрамы мен университет қызметкерлерінің міндеттері, құқықтары, университет әкімшілігінің міндеттері, академиялық адалдықты бұзу фактілері мен оған қолданылатын шаралар, т.б. жан-жақты көрсетілген. Студенттің адалдығы, оқытушының адалдығы, академиялық адалдықты бұзу фактісіне қатысты акт толтыру үлгілері толық қамтамасыз етілген. І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Сапаны қамтамасыз ету саясаты ҚР БҒМ мен халықаралық талаптарға толық сәйкес келеді.

Дәлелдер:

Сапаны ішкі қамтамасыз етудің жүйесі мынадай құрылымдардан тұрады: университет қызметіне әсер ететін ішкі және сыртқы факторлар; Университеттің тиісті талаптарға сәйкес қызмет көрсету қабілетіне әсер ететін ішкі және сыртқы тұтынушылар; Сапаны қамтамасыз ету саясатын жүзеге асыруға және қызмет көрсету сапасына қатысты университетті басқаруға мүмкіндік беретін процестер; Қызметкерлердің, лауазымды тұлғалардың қызметі және олардың өз міндеттерін орындау кезіндегі өзара байланысы; Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің ішкі және сыртқы құжаттары.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі арнайы комиссияның жұмыс жасауы. Олардың мақсаты: университетте білім беру үдерісінің сапасын тұрақты арттыру арқылы белгіленген талаптарға сай мамандарды тиімді даярлауды жүзеге асыруға жәрдемдесу.

Талдау:

Университеттің сапаны қамтамасыз ету саясаты жүйелі. Бағдарламаны бекіту мен әзірлеу, докторанттарды қабылдау мен оларға бағдарланған білім мен оқыту, бағалау, бағдарламаға мониторинг жариялау білім сапасын қамтамасыз ету мен академиялық адалдықты сақтауға мол мүмкіндік береді.

Стандарт 1 деңгейіне толық сәйкес/ полное соответствие.

Стандарт 2. Білім беру бағдарламасының мазмұны **Содержание образовательной программы**

Білім бағдарламасы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (27.07.2007 ж. № 319 бұйрығы) мен ҚР БҒМ-ның Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында (2018 ж. 31 қазандағы № 604 бұйрығы) бекітілген талаптарға және Еуропалық білім беру кеңістігіндегі Дублин дескрипторларының үшінші деңгейі мен Ұлттық біліктілік жүйесінің талаптарына сәйкес келеді.

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы 3 модульден тұрады: жалпы білімдік модуль (ЖБМ); базалық модуль (БМ); кәсіптендіру модулі (КМ).

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша білімалушылар Зальцбург қағидаларының талабына сай ғылыми зерттеушілік қабілетке ие деп бағалауға болады. 2017-2022 жылдар бойынша 11 докторант бар. Барлығының негізгі білім базасы білім бағдарламасының бағытына сай келеді. 7 докторант І.Жансүгіров атындағы ЖУ-дың оқытушылары мен магистрант түлектері. 1 докторант Абай атындағы ҚазҰПУдың оқытушысы, 1 докторант Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-дың, 1 докторант С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің оқытушысы, 1 докторант Алматы қаласындағы №109 меткептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Білім беру бағдарламасының мазмұнын құрастыруға жұмыс берушілер мен докторанттар тартылған. Алматы облысы Тілдерді дамыту басқармасы Тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Рахымберлина Т.С., «Білім» гуманитарлық-техникалық колледжінің атқарушы директоры Керімтаева Ф.Т. және 3-курс докторанты Е.Саржигитов білім бағдарламасының мазмұнына қатысты ұсыныс-пікірлерін берген.

Білім бағдарламасының мазмұны базалық және кәсіби пәндер, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен практика, тәжірибе түрлерінің мазмұнынан айқындалды. Бағдарлама 2017 жылдан бастап дайындалып, соңғы 5 жыл бойы жаңартылып отырған. 2017-2020 жылдарға арналған бағдарламада пәнаралық байланыс сақталған. «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы», «Қазіргі қазақ тіл білімінің және әдебиеттану ғылымының даму үрдісі мен жаңа бағыттары», «Әлем әдебиетінің поэтикасы», «Жоғары мектепте қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңа технологиялары» пәндері білім берудегі философия мен теорияны және қазақ тілі мен әдебиеті теориясын әлемдік зерттеулермен сабақтастыруға мол мүмкіндік береді. 2018-2021 жылдарға арналған білім беру бағдарламасында «Жазушы шығармашылық лабораториясы», «Ғылыми зерттеулердің әдіснамалық негіздері» пәндері қосылып жаңартылған. 2019-2022 жж. «Филологиялық

зерттеу әдіснамасы», «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының даму үрдісі мен жаңа бағыттары», «Мәтін лингвистикасы», «Әдебиет тарихы мен теориясын оқытудағы жаңаша тәсілдер», «Академиялық жазба», «Әлем әдебиетінің поэтикасы» пәндері ұсынылған. 2021-2024 жылдарға арналған білім бағдарламасында «Академиялық хат», «Ғылыми зерттеу әдістері», «Қазіргі қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының даму үрдісі мен жаңа бағыттары», «Академиялық сауаттылық», «Филология теориясы» пәндері оқытылуда. Пәннің оқу-әдістемелік кешендері (ОӘК) толық дайындалған және докторанттарға қолжетімді. Электронды оқу-әдістемелік кешенде силлабус, дәрістер, бейнедәрістер, практикалық сабақ, қосымша материалдар (мультимедиялық материалдар, электронды ресурстар сілтемесі), ДӨЖ тапсырмалары, аралық бақылау тапсырмалары, емтихан сұрақтары жинақталған. БББ бойынша игерілетін базалық және кәсіптік пәндердің кредиттік көрсеткіші талапқа сай.

Білім беру бағдарламасын құрастыруда білімалушыға бағдарланған (студентоцентрированного) іс-шаралар ұйымдастырылған. Докторанттар бәсекеге қабілетті, кәсіби білігін жетілдіруге бейім, құзыретті мамандар даярлауға ықпал ететін пәндерді білім беру бағдарламасына ұсына алады. Білім беру бағдарламасы бойынша өткізілетін педагогикалық практикада докторанттар университеттің Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің бакалавриат пен магистратура бөлімдерінде сабақ жүргізуге, ғылыми зерттеулерің тәжірибеде қолдануға мүмкіндік жасалған. Ғылыми-зерттеу практикасында отандық және шетелдік ғалымдардың жаңа теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктері зерделеніп, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдануға жағдай жасалған. Докторанттар ЖУ-дың кітапхана қорын толық пайдалана алады. Республикалық, ұлттық кітапханалар қорын пайдалану үшін іс-сапарға шығу мүмкіндігі қарастырылған.

Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыптары мен оқытылатын пән мазмұны арасындағы сабақтастықты 2017-2020 жылдарға арналған білім бағдарламасынан көруге болады. М.Б.Тумабаеваның «Қазақ поэзиясындағы гуманизм идеяларын жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесі» тақырыбы, «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы», «Жоғары мектепте қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңа технологиялары» пәндерімен мазмұны да, нысаны да үндеседі.

Докторанттардың ғылыми зерттеулері мен педагогикалық және зерттеушілік практикасы жаңаша зерттеулерді басшылыққа алып, интерпретациялық, эксперименталдық әдістерді қолдануға бағытталған. Диссертация тақырыбына сай ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуі, зерттеу жұмысының сапасы; практика бойынша қорғау есебі мазмұнының сапалылығы, практика бойынша құжаттарды рәсімдеу сапасына ерекше назар аударылады.

Докторанттардың ғылыми тәжірибе жинақтауына Польша, Свече қаласындағы Лингвистикалық-техникалық университетінің, Омер Халисдемир атындағы Нийде университетінің, Неофит Рильский университетінің (Болгария), Абай атындағы ҚазҰПУ-дың, Қазақ-Британ техникалық университетінің Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің, Сүлейман Демирел университетінің ғалымдарының өткізген семинарлары мен on-line форматында жүргізген сабақтары мүмкіндік береді.

Докторанттардың ғылыми тағылымдамадан өтуіне А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты белсенділік танытады. 2018-2021жылы 4 докторант, 2019-2022 жылғы бағдарлама бойынша 2 докторант ғылыми тағылымдамадан өткен.

Академиялық ұтқырлық аясында Пшасныш (Польша) қаласы Лингвистика-техникалық университетінің профессоры, филол.ғ.д., Л.Т. Килевая 2020-2021оқу жылында келісім-шарт негізінде дәріс оқыған. «Парадигмы языкознания в контексте постмодернистской культуры» тақырыбында семинар өткізген. Оқытудың ғылыми-әдістемелік деңгейінің сапасын көтеру, оқу жоспары мен міндеттерінің орындалуын, бағдарламаның өзектілігін, докторанттарды бағалаудың нәтижелілігін, бағдарлама сапасына қанағаттану сынды жетілдірудің кері байланысын анықтау мақсатында тұрақты түрде мониторинг өткізіліп, алынған мәліметтерге талдау жасалынып, жетілдіру жұмыстары атқарылып отыратындығы университет құжаттарында жинақталған.

Докторанттардың ғылыми-зерттеулерінің нәтижесі жарияланымдары мен ғылыми семинарларда баяндама жасауынан, алдын-ала қорғаудан өтуінен көрініс табады. 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша докторанттардың жарияланымдары республикалық, халықаралық конференцияларда, БҒССҚК, РФДИ, скопус базасындағы журналдарда жарық көрген. Оқу құралдары шығарылған. Барлық жарияланымдар саны- 65. Диссертациялық жұмыстың мазмұны негізінде 4 докторант (Е.Саржигитов, Д.Есимбекова, Е.Совет, А.Акажанова) ғылыми семинардан өткен. 1 докторант (Акажанова Алмагуль) алдын ала талқылаудан өткен. Қорытынды аттестаттау І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Докторлық диссертацияны дайындау тәртібі Ережелері» негізінде жүзеге асырылады (ІНҚ-ZU-09-07).

Дәлел/Доказательства:

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының бекітілген нұсқасы мен оқу-әдістемелік кешендер, бекітілген тақырыптар, ұйымдастырылған іс-шараларды растайтын құжаттар дәлел бола алады.

Анализ:

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мазмұны ғылыми-теориялық мәселелерге басымдық береді.

Ұтымды практика (Положительная практика):

Жетісу университетінің оқытушылары мен магистранттарының басым бөлігінің бағдарлама бойынша докторантураға қабылдануы бағдарламаның ғылыми әлеуетін көтеруге зор үлес қосатын игі бастама.

Ескерту/Замечания:

Білім бағдарламасының 2017-2020, 2018-2021, 2019-2021 жылдарға арналған нұсқасында тіл мен әдебиетті оқыту мәселесіне арналған арнайы пәндер бар. Мамандық педагогикалық бағытта болғандықтан дидактикалық мәселелерді қарастыратын арнайы пәннің болғаны дұрыс. 2021-2024 жылдарға арналған білім бағдарламасында тіл мен әдебиетті оқыту мәселесін қарастыратын пәндер алынып, докторанттар мен жұмыс берушілер тарапынан ұсынылған «Академиялық сауаттылық» пәні мен «Филология теориясы» пәндері енгізілген. Аталған пәндер білім бағдарламасының мазмұнына еш нұқсан келтірмейді, докторанттардың теориялық білімін толықтырады. Алайда, мамандық педагогикалық зерттеулерге бағытталғандығын ескеріп, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін меңгеруді нақты жүзеге асыратын, дидактикалық мақсатты көздейтін пәндер енгізілуі керек.

Стандарт 2. Елеулі сәйкестіктер/Значительное соответствие.**Стандарт 3. Профессор-оқытушылар құрамының сапасы
Качество профессорско-преподавательского состава**

Профессор-оқытушылар құрамы Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға толық жауап береді. ПОҚ құрамының түйіндемелері мен мінездемелері мамандардың практикалық тәжірибесін, іскерлік белсенділігін, оқу, ғылыми, әдістемелік және ұйымдастыру-тәрбиелік қызмет сапасын бірге есептегенде өз қызметтеріне және «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы) заңнамасы негізіндегі талаптарға сәйкес келеді. 2017-2022 жылдар аралығында 11 докторантқа 15 ғылыми дәрежесі бар ПОҚ қызмет көрсеткен. ПОҚ құрамы тұрақты. ББ-на қызмет көрсететін ПОҚ жайлы толық мәлімет беретін түйіндемесі дайындалған.

ПОҚ-пен сұхбаттасу кезінде біліктілікті арттырулары, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен бағыттары, ғылым саласындағы жетістіктері мен марапаттары туралы толық мағлұмат алдық.

Оқытушылардың жұмыс жүктемесінің орындалуын БББ жетекшісі электрондық журналдағы «Оқытушының жеке жоспары» арқылы және ПОҚ-тың бірінші, екінші жартыжылдық есебі арқылы қадағалайтындығы дәлелденді.

Оқытуда пайдаланылатын силлабус, дәрістер, бейнедәрістер, практикалық сабақ, қосымша материалдар (мультимедиалық материалдар, электронды ресурстар сілтемесі), ДӨЖ тапсырмалары, аралық бақылау тапсырмалары, емтихан сұрақтары электронды оқу-әдістемелік кешенде жинақталған. Оқытушылардың ашық сабақтары туралы мәлімет хаттамаларда көрініс тапқан.

ПОҚ біліктілігін көтеруге, материалдық және моральдық ынталандыруға, кадрлық әлеуетті жоғарылатуға толық мүмкіндік жасалған. ПОҚ-тың ғылыми-зерттеулерін қолдау мақсатында жыл сайын университет олардың ғылымға қосқан үлестері үшін сыйақылар тағайындайды: 2019 жылғы Web of Science (1,2,3 квантиль), Scopus (процентілі 35-тен жоғары) журналдарына мақаласы жарияланған қауымдастырылған профессор М.Т.Джакыпбековаға бюджеттен тыс қаржыдан сыйақы тағайындалған.

Университеттің «Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығы» докторанттардың іскерлік, ғылыми, академиялық, мәдени міндеттерін шешуде кәсіби қызметте және күнделікті қарым-қатынаста шет тілін меңгеру дағдыларын жетілдіру мақсатында ақысыз курстар өткізеді. Курсқа білімгерлер, магистранттар, докторанттар, профессор-оқытушылар қатыса алады.

Білім беру бағдарламасына дәріс жүргізетін және ғылыми жетекшілік жасайтын ПОҚ-тың 2017-2022 жылдар аралығында шығарған ғылыми әзірлемелері төмендегідей: монография – 10, оқу құралы – 11, оқу әдістемелік құрал – 2, электронды оқу құралы – 3.

2017-2022 ж. аралығындағы ғылыми журналдарда: импакт-факторда – 11, Қазақстанның Ғылым және Білім министірлігі ғылым комитеті білім саласындағы мақұлдаған журналдарда – 39, халықаралық конференцияларда – 46 мақала жарық көрген.

Халықаралық Scopus базасында профессор М.М.Иманғазиновтың, қауымдастырылған профессорлар К.Б.Сарбасова., М.Т.Джакыпбекованың, оқытушы-лектор А.Абызовамен С.К.Кожагуловтың индекс Хиршасы бар.

Білім беру бағдарламасы профессор-оқытушылар құрамы шетелдік тағылымдамадан өткен. Атап айтсақ, философия докторы (PhD) Абызова А. 2017 жылы 31 қазан-08 қараша айында Португалияда Порту қаласы, Порто жоғары инженерлік институтынан, қауымдастырылған профессор Сарбасова К.Б. Польша Республикасы, Свече қаласы, Лингвистика-техникалық университетінен (16 мамыр-02 маусым 2018 ж.),

қауымдастырылған профессор Кыяхметова Ш.А. Польша Республикасы, Свече қаласы, Лингвистика-техникалық университетінен тағылымдамадан өтті. Қауымдастырылған профессор М.Т.Джакыпбекова Coursera халықаралық платформасында «Communication Strategies for a Virtual Age. an online non-credit course authorized by University of Toronto and offered through Coursera» (Oct 23, 2021) біліктілік арттыру курсынан өткен.

ПОҚ отандық жоғары оқу орындарының ұйымдастыруымен өтілген семинарлар, біліктілік курстарынан өткен: Тұран-Астана университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Г.Төкенқызының «Көркем мәтінді лингвостилистикалық талдау» (2021) тақырыбындағы оқыту семинары; Назарбаев университеті, Қазақ тілі және түркітану департаментінің профессоры, филология ғылымдарының докторы З.С.Кузекованың «Функционалды коммуникативтік грамматиканың концепциясы және оны оқыту» (2021) семинары; Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к. А.Абасилов жүргізген «Қазақстандағы әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер: ізденістер мен жаңа мүмкіндіктер, проблемалар» (2021) семинары; Назарбаев университеті, Қазақ тілі және түркітану департаментінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Е.С.Адаеваның «Тіл білімі және әдебиеттану ғылымы салаларын оқытудағы жаңа ізденістер» (2021) тақырыбындағы оқыту семинарлары.

БББ-ның профессор-оқытушылар құрамы жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін алғыс хатпен, облыстық және мемлекеттік марапаттармен марапатталған: «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен профессор М.М.Имангазинов (2017 ж.); ҚР Білім және ғылым министрінің «Құрмет грамотасымен» философия докторы (PhD) А.М.Абызова, ҚР Білім және ғылым министрінің «Алғыс хатымен» қауымдастырылған профессор М.Т.Джакыпбекова; «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен және «Ерен еңбегі үшін» медалімен қауымдастырылған профессор Ш.А.Кыяхметова (2021), оқытушы-дәріскер С.Қ.Қожагулов (2020); ҚР БҒМ Bilim-orkenietі ұлттық иновациялық ғылыми зерттеу орталығының «Қазақстанның құрметті профессоры» байқауының жеңімпаздары болып қауымдастырылған профессор К.Б.Сарбасова, оқытушы-дәріскер С.Қ.Қожагулов (2020) танылса; қауымдастырылған профессор М.Т.Джакыпбекова 2021 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атанған.

ПОҚ-тың білім беру және тәрбие, ғылыми-зерттеу жұмысындағы жетістіктері туралы мәлімет «Кадр бөлімі» электронды бағдарламасында жинақталған.

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы оқытушылары Г.Чукенаева, А.Абызова, А.Галымова және докторанттар Е.Саржигитов, Ш.Елеусизова ҚР БҒМ гранттық қаржыландыруы аясында «AP08053050 – Қазақстан Республикасында білім берудің

лингвоэкологиялық моделі: теориясы мен тәжірибесі» тақырыбында ғылыми жоба орындауда.

Филологтарды даярлау білім беру бағдарламасының ҒЗЖ тақырыбы: «Филологиялық білім берудің ғылыми негіздері мен технологиялары». 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы докторанттарының ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыбы осы бағытпен сәйкес келеді.

Ұтымды практика(Положительная практика):

Scopus базасында мақала жариялағаны үшін сыйақы тағайындау және академиялық ұтқырлық бойынша отандық және шетелдік ғалымдарды дәріс оқуға шақыру үшін арнайы кредит бөлінуі өте жақсы бастама.

Стандарт 3 деңгейіне толық сәйкес келеді/Полное соответствие

Стандарт 4. Ғылыми жұмыстардың сапасы Качество исследовательской работы

Докторанттардың диссертация аясында жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстары Қазақстан Республикасы Заңының (27.07.2007) 5-бабының 5-1, 5-2 тармақшаларына мен 56-бабына және халықаралық талаптардың он негізгі қағидаларына (Зальцбург принциптері, 2005) сәйкес іске асырылады.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде философия докторларын даярлау (PhD) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604/6 бұйрығы, «ЖОО-да докторлық диссертацияны дайындау тәртібі туралы Ереже» (ІНҚ-ZU-09-07), «Диссертацияда мәтіндік көшірмелердің бар болуын тексеруге арналған Ереже» (ІНҚ-ZU-09-10) негізінде жүргізіледі.

8D01701– «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы докторанттарының докторлық диссертацияларының тақырыптары университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген (Бұйрықтар құжаттық папкаға тіркелген). Тақырыптар ғылымды дамытудың басым бағыттары мен іргелі, қолданбалы, педагогикалық зерттеулердің бағдарламаларына байланысты таңдалған.

Докторант А.Ақажанованың «Қазақтың ұлттық ойындары арқылы мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру әдістемесі» тақырыбындағы диссертациясында қойылған мақсаттар мен міндеттер толық орындалып, нәтижесі жұмыстың ғылыми жаңалығында көрініс тапқан: дәстүрлі ойын атауларының ономастикалық, лингвомәдени негіздері айқындалып, тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың теориялық моделі мен әдістемесі жасалған. А.А.Ақажанованың авторлығымен «Қазақ тілі» оқу құралы (Талдықорған, 2020.- 145 б.) жарық

көрдi (Авторлық куәлік, 2020 жыл, 8 маусым, № 10622). Ұсынылған ғылыми-әдістемелік жүйенің тиімділігіне эксперимент жүргізіліп, нәтижеге қол жеткізілген. (Эксперимент Талдықорған қаласының №4 мектебінде жүргізілді).

Докторанттардың ғылыми-эксперименттік зерттеу жұмысы бакалавриат, магистратура бөлімдеріндi қолданыс тапқан. Докторант Г. Сулейменованың докторлық диссертациясының негізінде 7B01701– «Қазақ тілі мен әдебиеті», 6B02302 – «Филология» білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын студенттер арасында диссертациялық жұмыстың эксперимент бөлімі бойынша сауалнама жүргізіп, нәтижесінде «Ономастика және елтану» пәні таңдау компонентіне енген. «Ономастика және Елтану» курсы бойынша ОӘК әзірлеген. Пәннің мазмұны мен әдіснамасын жасау, анықтау мен қалыптастыруда қорытынды эксперимент жүргізіп, қазіргі кезеңде бұл пән 6B02302 – «Филология» білім беру бағдарламасында оқытылуда. (ОӘК, Ономастика және елтану).

8D01701– «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының эксперименттік базасы – А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, «Алматы облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев атындағы № 19 мектеп-гимназия, «Алматы облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің №4 орта мектеп.

8D01701– «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы докторанттарына Польша Республикасы, Пшасныш қаласы, Лингвистика-техникалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы – Килевая Людмила Тимофеевна және профессоры Эльжабета Стерналь Қытай Халық Республикасы, Бейжің қаласы, Әлеуметтік ғылымдар академиясы профессоры, философия докторы PhD – Хуан Жоңшияң (Huang Zhongsheng), Ресей Федерациясы, Омск мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы – Косяков Геннадий Викторович, Ресей Федерациясы, Қазан қаласы, Казан Федералдық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы – Юсупова Альфия Шавкетовна, Ресей Федерациясы, Саха республикасы, Солтүстіктегі аз ұлттар мәселелері және гуманитарлық зерттеулер институты, якут тілі бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты Монастырев Владимир Дмитриевич шетелдік ғылыми кеңесшілер ретінде бекітілген және үшжақты келісім-шарттар жасалған.

ЖОО докторанттарға диссертация аясында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ғылыми тағылымдамадан өтуге жағдай жасалған.

Докторанттардың шетелдік, отандық тағылымдалардан өтуіне университет тарапынан жағдай жасалған. 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша Сулейменова Г.С., Тумабаева М.Б. 2019

жылдың 02-30 мамыр аралығында Польша мемлекеті Пшасныш қаласы Лингвистика-техникалық университетінен ғылыми тағылымдамадан өткен.

3-курс докторанттары 2020 жылдың 28 қыркүйек пен 21 қараша аралығында академиялық күнтізбе мен жұмыс жоспарына сәйкес (8 апта) зерттеу іс-тәжірибесінен өтті. Атап айтсақ, докторанттар Акажанова А., Есимбекова Д., Саржигитов Е., Совет Е. 2020 жылдың 9-21 қараша аралығында А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында ғылыми тағылымдамадан өткен.

2021 жылдың 08-29 қарашасы аралығында докторанттар Токтанова Асел, Елеусизова Шолпан А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында ғылыми тағылымдамадан өткен.

Ғылыми-зерттеу жұмысын жандандыру мақсатында университет тарапынан «Jas galum» ғылыми жобалар байқауы дәстүрлі түрде өткізіледі. «XXI ғасырдың құзыретті студент тұлғасын қалыптастыратын 10 қадам» тақырыбында І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жас ғалымдары арасында өтетін гранттық жобалары бойынша «Jas galum» байқауына М.Тумабаева, Е.Совет қатысып, жеңімпаз атанған.

8D01701– «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы докторанттарына университетішілік, облыстық, республикалық, халықаралық семинарларға, тренингтерге қатысу бірізге қойылғандығы байқалады.

Докторанттар Акажанова А., Есимбекова Д., Саржигитов Е., Совет Е. Түркия Республикасы Фырат университетінің профессоры Ерджан Алкая мен Гази университетінің профессоры Четин Пекаджардың қатысуымен өткізілген «Латын графикасын оқытудың жаңаша тетіктері» атты халықаралық семинар-тренингке қатысып, сертификат алған. Докторанттар 2021 жылы 9-10 қыркүйек айында І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде Scopus деректер базасымен жұмыс жасауға қатысты «Ғылыми мақала жазу үшін деректер қорын қалай пайдалануға болады» (How to use data bases to write scientific article) тақырыбында өтілген семинарға қатысқан. Түркия Республикасы, Нийде Омер Халисдемир университетінің PhD докторы Erdinc Demiraу жүргізген «Тіл білімі және тілдерді оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері» оқыту семинарына қатысқан. (2021).

Докторанттармен сұхбат барысында олардың білім беру бағдарламасының мазмұнына және оның іске асырылуына қанағаттанатындықтары анықталды.

Аккредитация кезінде докторанттардың оқу жоспарымен (ЖОЖ) танысқанымызда, докторанттарға тақырып таңдауда еркіндік берілетініне көз жеткізілді. «Докторант – ғылыми кеңесші» қарым-қатынасындағы өзара сыйластық талаптарына арнайы мән беріліп, өзін-өзі бағалау процесінде анықталады. Университетте докторанттарға диссертация аясында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге, Қазақстан Республикасының заңнамасына

сәйкес ғылыми тағылымдамадан өтуге және халықаралық талаптарға сай диссертациялық жұмысты дайындауға жағдай жасалған. 8D01701– «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы докторанттарының ҚР БҒМ БҒССҚК ұсынған басылымдардағы мақалалары – 28, нөлдік емес импакт-факторлы журналдардағы мақалалар – 3, халықаралық конференция жинағындағы мақалалар – 22, халықаралық конференцияларда оқыған баяндамалары – 5.

Ескерту (Замечания):

Докторанттар соңғы үш жылда отандық тағылымдамадан өткен, алдағы уақытта ҚР БҒМ 31.10.2018 ж.№604 Бұйрығымен бекітілген МЖМББС-ның 76 пунктiне сәйкес шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтуі тиіс;

Жақсарту шаралары (Области для улучшения):

1) 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтымен т.б. келісім-шарттар жасалған. Бұл докторанттардың теориялық біліктілігін арттыруға көмектесері сөзсіз. Алайда бағдарлама педагог мамандар дайындау бағытында болғандықтан педагогикалық бағыттағы ғылыми-зерттеу орталықтарымен, университеттермен, институттарымен де байланыс орнатылса, докторанттардың методикалық тәжірибе жинақтауына мол мүмкіндік берілер еді.

Стандарт 4 деңгейіндегі елеулі сәйкестіктерге ие/Значительное соответствие

**Стандарт 5. Докторанттарды қолдау жүйесінің тиімділігі
Эффективность системы поддержки докторантов**

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушы докторанттарға оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік,

